



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бәсіре стипендиясын төлеу ережесін бекіту туралы

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы 1998 жылғы 21 қараша N 243 . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 1 наурызда N 698 тіркелді

Қазақстан Республикасының қаржы-кредит жүйесінің білікті мамандарының әлеуетін қалыптастыру, сондай-ақ қаржы рыноктарын дамыту саласында терең ғылыми және қолданбалы зерттеулер ұйымдастыруды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бәсіре стипендиясын төлеу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қызметкерлермен жұмыс жүргізу басқармасы (Вайнталь Л.М.):

1) Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бәсіре стипендиясын төлеу ережесін Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркесін;

2) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік

тіркеген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бәсіре стипендиясын төлеу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары С.А. Ахановқа жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау
министрлігімен
1998 жылғы 07 желтоқсан
келісілген N 02-3542

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1998 жылғы 21 қараша
N 243 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
бәсіре стипендиясын төлеу
Ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттарына бәсіре стипендия (бұдан әрі - стипендия) төлеу тәртібін айқындайды.

Ұлттық Банк жыл сайын студенттерге кемінде жеті стипендия, ал аспиранттарға кемінде үш стипендия тағайындайды.

Стипендиялар бір оқу жылына белгіленіп, Ұлттық Банктің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен төленеді.

1. Конкурс өткізуді ұйымдастыру

1. Ұлттық Банк жыл сайын стипендиаттар тандау мақсатында конкурс (бұдан әрі - Конкурс) жариялап тұрады. Конкурс жариялау туралы шешімді (нұсқауды) Ұлттық Банктің Төрағасы қабылдайды, ол жайында Ұлттық Банктің қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) белгіленген тәртіппен тиісті бұйрық дайындап, Ұлттық Банк Төрағасының қол қоюына ұсынады.

2. Сонымен қатар бөлімше белгіленген тәртіппен конкурс комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құру туралы бұйрықтың жобасын дайындап, Ұлттық Банк басшылығының қол қоюына ұсынады, сонан соң (бұйрыққа қол қойылғаннан кейін) комиссияның атынан ресми баспасөз органдарында ("Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда") Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланады.

3. Комиссияны Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары басқарады. Комиссия құрамына міндетті түрде заң, бухгалтерлік есеп, зерттеу және статистика, монетарлық операциялар, банктік қадағалау департаменттерінің басшылары, сондай-ақ бюджетті жоспарлау және бақылау, қызметкерлермен жұмыс жүргізу басқармаларының басшылары, сонымен бірге білім беру мәселелері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның өкілі кіреді.

4. Комиссия Конкурсты ұйымдастырады және өткізеді. Конкурс өткізу үшін Комиссия Конкурстың тақырыбын, өткізу жоспарын, берілетін стипендияның мөлшерін бекітуге тиіс.

5. Комиссия Конкурс ұйымдастыру мәселелерін шешу және оны өткізу үшін мәжілістер өткізеді. Комиссия мәжілісінде Комиссия шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші

болып саналады. Комиссияның шешімі Комиссия мәжілісінің хаттамасында көрсетілуі тиіс.

2. Конкурса қатысушылар

6. Стипендияларды Қазақстан Республикасының азаматтары болып саналатын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарында экономикалық мамандықтар бойынша күндізгі бөлімнің соңғы екі курсының бірінде оқитын студенттер мен аспиранттар (бұдан әрі - Кандидаттар) ала алады.

7. Кандидаттар:

- 1) оқуда үздік көрсеткіштерге жетуі керек;
 - 2) ғылыми және зерттеу жұмысында қабілеттілік танытуға тиіс.
8. Конкурса қатысу үшін Кандидаттар Ұлттық Банкке мынадай

құжаттарды (бұдан әрі - Ұсыныстар) тапсырады:

- 1) еркін түрде жазылған Конкурса қатысу негіздемесі (қысқаша) және қатысқысы келетіні туралы өтінішін;
- 2) оқудағы үздік көрсеткіштерін растайтын құжаттардың көшірмелерін;
- 3) кандидаттардың өздері жасаған курс, диплом жұмыстарын, ғылыми баяндамаларын, тезистерін, рефераттарын және басқа жұмыстарын;
- 4) мемлекеттік жоғары оқу орындарының Ғылыми Кеңесінің (немесе басқару органының) стипендия алуға осы Кандидатты ұсыну туралы (негіздемелерін көрсете отырып) кепілдемесін, шешімін ұсынады.

9. Осы Ереженің 8-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген Кандидаттардың жұмыстары конкурс тақырыбына және мынадай өлшемдерге сәйкес болуға тиіс:

- 1) маңыздылығы;
- 2) сонылығы (жаңалығы);
- 3) ғылыми мәнділігі;
- 4) тәжірибеге қолдануға жарамдылығы.

10. Комиссия Кандидаттарға қосымша талаптар қоюға құқылы. Қосымша талаптар осы Ереженің 2-тармағына сәйкес жарияланған Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілуі тиіс.

3. Конкурс өткізу тәртібі

11. Комиссия Ұсыныстарды Конкурс өткізу туралы ресми баспасөз

органдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай бойы қабылдайды.

12. Егер Кандидаттардың Ұсыныстары осы Ереженің талаптарына сай келмесе, Комиссия одан бас тартуға құқылы. Комиссия қарауға қабылданған Кандидаттардың Ұсыныстарына рет номерін қояды.

13. Комиссия Ұсыныстарды қарауды жеңілдету мақсатында мынадай көрсеткіштер бойынша оларға алдын ала балл белгілейтін болады:

- 1) оқудағы үздік көрсеткіштері - бес балға дейін;
- 2) ғылыми және зерттеу жұмысына қабілеттілігі - бес балға дейін;
- 3) осы Ереженің 9-тармағының 1-4-тармақшаларында көрсетілген өлшемдердің әрқайсысы бойынша - үш балға дейін.

14. Алдын ала кемінде жиырма балл жинаған Кандидаттардың Ұсыныстарын жан-жақты талдау нәтижесі бойынша Комиссия соңғы рет стипендиаттарды іріктеп алып, оларды дауысқа салады. Комиссияның соңғы шешімі белгіленген тәртіппен Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

15. Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген Конкурстың қорытындысы, стипендиаттардың есімдері, сондай-ақ ең таңдаулы он жұмыс Комиссияның шешімі бойынша Ұлттық Банктің ақпараттық басылымы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысында" жарияланады.

4. Стипендия төлеу және оның күшін жою тәртібі

16. Бөлімше Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қаулысы негізінде стипендия тағайындалған соң он күн мерзімде:

- 1) стипендиаттар оқитын мемлекеттік жоғары оқу орындарына тиісті ақпарат жібереді;
- 2) Ұлттық Банктің Операция бөлімшесіне белгіленген тәртіппен бекітілген қаулының көшірмесін және тиісті өкімді жібереді.

17. Ұлттық Банктің Операция бөлімшесі тиісті құжаттарды алғаннан кейін оқу жылы ішінде мемлекеттік жоғары оқу орындарының шотына стипендияның белгіленген сомасын ай сайын аударып отырады.

18. Жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі оқу жылы ішінде Комиссияға стипендиат туралы мынадай ақпарат беріп отырады:

- 1) стипендиат сырттай оқуға ауысқан жағдайда, ол жөнінде кешіктірмей тиісті анықтама;
- 2) студенттің кезекті емтихан сессиясының нәтижелерін, оның жетістіктерін сипаттайтын басқа да мәліметтер;

3) аспиранттың жетістіктерін сипаттайтын мәліметтер (баяндамаларының, жарияланған мақалаларының рефераттары).

19. Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі Комиссияның ұсынысы бойынша мынадай жағдайларда:

- 1) стипендиат сырттай оқуға ауыстырылғанда;
- 2) мемлекеттік жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі стипендиат туралы

қажетті ақпаратты бермеген және/немесе уақытылы бермеген жағдайда;

- 3) оқудағы көрсеткіштері төмендеп кеткен жағдайда;
- 4) стипендиат құқық бұзған жағдайда, бәсіре стипендияны қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

20. Директорлар кеңесінің қаулысы негізінде стипендия қайтарып алынатын болса, Бөлімше:

- 1) тиісті қаулы мен өкімді тез арада Ұлттық Банктің Операция бөлімшесіне беруге;
- 2) стипендияны қайтарып алу туралы шешімді стипендиаттар оқитын мемлекеттік жоғары оқу орындарына жіберуге тиісті.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.